

егемен Казанский

ТЕКТІЛІК



Әуелі аз-кем Мұрат Мұхтарұлымен таныстығымыз қалай басталғаны жайында әңгімелеп берсем деймін. 1966 жылы студент атанып, Қазақ мемлекеттік университетінің (КазГУ) табалдырығын аттағанда, біз оқитын ғимаратта Мұхтар Әуезов сабақ бергенін және осында (қазір Т.Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясы орналасқан) ұлы жазушының ұлы Мұрат Әуезовтің басшылығымен Мәскеуде оқитын қазақ студенттері құрған «Жас тұлпар» ұйымының Қазақстандағы тұңғыш жиыны болғанын естідік. Ұққанымыз ұлт мәселесін көтерген «Жас тұлпар» Ресейдің қазақтар қоныстанған аудандарын аралап, арқырап Қазақстанға жеткенде, қылышынан қан тамған Компартия тобықтан қағып телпектей ұшырыпты. Ал ұйым басшыларының соңынан КГБ шырақ алып түсіпті. Жастар арасында осындай миф тараған. Біздің балаң санамызда алашшыл ата жолын қуған Мұрат Әуезовтің күрескерлік бейнесі қалыптасты. Ендігі жерде біз Мұрат Әуезов не айтар екен деп күтетін болдық. Мұқаң біраз үнсіз жүрді. Сөйтсек, көшпенділер мәдениеті туралы кітап жазып жүріпті. Ол кітабы «Эстетика кочевья» 1976 жылы баспаханадан шықпай жатып Қазақстан КП Орталық Комитетінің пәрменімен туралып кеткенін естідік.

70-ші жылдардың ортасы. Мұрат Мұхтарұлы Жазушылар одағының бір пленумында мінберге көтерілді. Күтпеген жерден пленумның күн тәртібінде жоқ 1932 жылы қазақ қырылған ашаршылық туралы әңгіме қозғады. «Бұндай ұлттық апатты айналып өткен әдебиеттің болашағы жоқ!» деді. Ащыда болса ақиқат. Бұл мәлімдемеден кейін құзырлы органдар онымен тағы да айналысқан. Өйткені, ашаршылық Компартияның қазақ халқына қарсы жасаған тарихи қылмысы еді. Сондықтан ол қылмыстың бетін ашпақ болғандарды партия аямайтын. Аузынан қақпақ, төбесінен тоқпақ айырмайтын. Бірақ айтылған сөз – атылған оқ. Мұрат Әуезовтің сөзі ауыздан ауызға тарап кетті. Мұрат Әуезов сынды айтулы азаматтың ашаршылық туралы әңгіме қозғағанына алабөтен қуанған біз болдық. Себепп, бұ кез біз де ашаршылық жайлы роман идеясымен «ауырып» жүрген кезіміз еді. Мұрат тәрізді тұлғаның бұл тақырыпты биік мінберден көтеруі біздің сенімімізге сенім, қолтығымызға қанат бітіргендей болды. Ашаршылық жайлы роман жазуға шындап дайындала бастадық. Осынау идеяны көтергені үшін Мұқаңның қолын қыстық. Бірақ Мұқаңның бізге назары 1986 жылы романның қолжазбасын оқығаннан кейін түсті. Мұқаң қолжазбаны оқып шығып шын қуанды. Қолжазбаға осынау талғампаз сыншы берген баға біз үшін кітап шықпай жатқан аттай 5 жыл бойы моральдық тірек болды. 1989 жылы киностудияның бас редакторы Мұқаң баспа жоспарына кіргізбей қойған «Ақ боз үйді» күресіп жүріп кино жоспарына кіргізді. Бұдан біз бір нәрсені байқадық? Бұдан біз Мұрат Мұхтарұлының алаш идеясынан айнымаған, ұлттық идеяға адал азаматтық тұлғасын байқадық. Тіптен, тоталитарлық жүйе «басқа шауып, төске өрлеп» тұрған сол бір сұрапылшақтардың өзінде Мұраттың мұраты алаш азаттығы болған. Тоталитаризм табу салған тақырып, Мұраттың мұраты отаршыл Одақ идеологиясына үнемі қарсы келген де отырған. Айтса ауызға ұрады. Айтпаса азаматтығына сын. Не істеу керек? Үнсіз қалу ма? Сырттай солай көрінді. Тілге тыйымсаларсың. Бірақ, алаш, азаттық деп соққан жүрекке қалай тыйым саларсың!? 70-ші, 80-ші жылдардағы үнсіз Мұрат мұңы тек күнделіктеріне ғана төгіліпті.

«Избавиться от власти русской метрополии нам необходимо, если не хотим остаться на задворках истории. Быть на задворках истории – обречь несколько поколений на приспособленческое существование. Медленное, длительное убийство национального достоинства, достоинства человека. Осуществление колонизаторских планов русских царей. Содействие одной из самых черных сил истории. Коммунизм – удобная вывеска. Запретили вечер Махамбета! Да не казахи это сделали, а секретари! Раковая опухоль разъедает казахское общество. Нет такого общества. Есть насмерть перепуганные, друг за другом следящие чиновники партаппарата!».

Егер де, бүгінде кітап болып шыққан, бірақ та сонау советтік идеологияның дүрілдеп тұрған 70-ші жылдары жазылған бұл ойларын Мұрат Әуезов сол жылдары

жариялаған болса оның салдары не болар еді?! Берісі – Сахаров тәрізді үй тұтқынына айналып, әрісі – Солженицын тәрізді шетелге қуылар еді... Өйткені, өз күнделіктерінде Әуезов көтерген идея, сөз жоқ, КСРО жүрегіне атылған оқ десе болғандай еді. Демек, Әуезов ол заманның рухани диссиденті болғаны. Кеңес заманының КГБ қармағына ілінбеген диссиденті болғаны.

Мұрат Әуезов – үлкен интеллектуал. Сөйлеп кетсе қара сөзге дес бермес шешен. Совет заманында ол мінберге сирек көтерілетін. Сақтықтан. Өзінің рухани диссиденттік болмысын ашқысы келмегендіктен. Ал КСРО құлағаннан кейін Мұқаң кібіртіктеуді білмеді. Шын жүйрік шаршы топты көрсе арқаланады. Сол мінезін бір рет біз Бішкекте көрдік. Постсоветтік кеңістіктен небір аузымен құс тістеген жүйріктер жиналған интеллектуалдық дода екі күнге созылды. Нәтижесінде, қазақ шешені топ жарды. Аталы сөзге тоқтаған айтқыштар ақырында Әуезовтің аузына қарады. Мұрат Мұхтарұлы – болмысынан әдебиет, мәдениет насихатшысы. Ол шалқар біліммен терең талғамисі. Кез келген әдеби құбылыстыбағалағанда былайғы жұрт байқамайтын қырларын көре қояды. Басқаша бағалайды. Бүгінде Мұқаң «Мұхтар Әуезов қорын» басқарады. Қор жазушы мұрасын насихаттауда қыруар жұмыстар атқарды. Атқарып та келеді. Тұңғыш рет ұлы жазушының ата-тегін тарих қойнауынан тартып дәлелдейтін шежіресі жасалып, жарық көрді. Кеңес заманында 4 аудармашы қатысып, асығыс аударылған ұлтымыздың ұлы эпопеясы «Абай жолы» қайта аударылды. Бұл ұлан-ғайыр жобаны әйгілі сөз шебері Анатолий Ким жүзеге асырды. «ЖЗЛ» сериясымен Мәскеуде «Трагедия триумфатора» атты кітап және «Қазақфильмде» осы аттас ұлы жазушы өмірінен деректі фильм түсірілді. Екеуінің де авторы белгілі мәскеулік профессор Николай Анастасьев. Ұйымдастырушысы – Мұрат Әуезов. Бүгінде қор Мұхтар Әуезов мұрасын жинастыру, насихаттау жұмыстарын одан әрмен жүргізіп жатыр. Алда Әуезов мұрасын шетел тілдеріне қайта аудару жұмыстары тұр. Осы қордың бір алқа мүшесі ретінде Мұрат Мұхтарұлы атқарып жатқан осынау жүйелі жұмыстарды көрген сайын алашшыл алып Әуезовтің Мұраттай ұл тәрбиелеп соңында қалдыра білгеніне таңырқамай отыра алмаймын. Алыптың алыптығы соңында тек қана әдеби мұра емес, адами мұра қалдыра білуімен де ерекшеленеді екен. Әрбір айтқан сөзі, басқан қадамы қалың қазаққа өнеге болған алашшыл алып Әуезов соңында Мұраттай мұрагер қалдыра алмаса не болар еді?! Ұлы тұлғаның тұтастығына, алға қарайтын алашшылдығына онда біз кәдімгідей күмән келтірген болар едік қой?! Сөз жоқ, тұлға тұтастығына сына түскен болар еді... Абыз Әуезов бұны да бізден бұрын білсе керек, ойласа керек... Ең болмаса бір ұлы ата жолын қуса екен деп армандаса керек. Бозбала Мұратты қолынан жетектеп алып МГУ-дің Шығыстану факультетіне беруді сол арманнан туындағаны көрініп тұр. «В последние годы он не только опекал, но и пестовал меня, как волк волчонка» дейді күнделігінде Мұрат. Ұлы Әуезов өмірінің соңғы жылдарында Ресейдегі миллиондаған қазақтың өзінің ұлттық мәдениетінен бөлініп қалғанын «Литературная газета» бетінде қабырғасы қайыса отырып жазғаны аян. Студент Мұраттың Мәскеуде құрған «Жас тұлпарының» ең алғашқы сапары да сол Ресейдегі қазақтар тұратын облыстар болғаны белгілі. Бұдан біз «Жас тұлпар» өзжұмысын ә дегеннен Әуезов аманатын орындаудан бастағанын көреміз. Яғни қазақ мәселесімен, оның ішінде шетелдегі қазақ мәселесімен айналысудан бастағанын көреміз. Бұл ұлы жазушы жүрегін ауыртқан мәселе екенін айттық. Кешегі зұлмат жылдары әлемге тарыдай шашылған қазақ тағдыры алашшыл алып азаматтың түн ұйқысын талай төрт бөліпті. Өйткені, алаш азаттығы мен тұтастығы Әуезов арманы еді... Алашшылдар арманы еді... Сондықтан олар ел тұтастығы, жер тұтастығы, тіл тұтастығы, дін тұтастығы жолында бастарын бәйгеге тікті. Бастары кеткен алашшылдар болашақ үшін жас Мұхтарды аман сақтауды ойлады. Бұл жас талант алдағы заманға алаш арманын айтуы керек деп білді. Әуезов осы аманатқа адал болды. Дүниеге «Абай жолын» әкелді. Сондықтан, «Абай жолы» – бүгінгі ұрпаққа кешегі қазақ құндылықтарын төкпей-шашпай жеткізген алыптар аманаты. Ең алдымен, алаштың ұлан-ғайыр бай тілін аманаттаған кітап. Өйткені, қазақ тілі – қазақ тұтастығының кепілі. Әуезовтей алашшыл алыптың Мұраттай перзенті алаш

тілін білмеуі мүмкін емес еді. Білмесе, (ондайлар аз ба бүгінде) онда бұл, сөзсіз, тарихи тұлға тұтастығына мін болар еді... Алайда, тегіне тартқан текті ұл әке атына кір жұқтырмады. Мектепті, жоғары оқу орнын орысша бітіргеніне қарамастан ол көпке созбай қазақ тілі мұхитында құлаштап жүзетін болды. Бұл да болса әкеден қалған өнеге, адасқандарды ұлттық тұтастыққа, тілдік тұтастыққа үндеудің бір үлгісі еді...

Қоғам қайраткері, ойшыл, зияткер, мәдениеттанушы Мұрат жазған кітаптар соншалықты көп емес. «Времен связущая нить», «Эстетика кочевья», «Иппокрена», «Дневники» және БАҚ бетінде үздіксіз жарияланып келе жатқан заман, қоғам жайлы толғаулары. Бір айтарымыз: Мұрат Әуезов аузынан шыққан лебіз, қаламынан туған ойлар ешқашан елеусіз қалған емес. Олар жоғалып кетпей, құнарлы топыраққа түскен дәндей, әсіресе, жас оқырман, тыңдармандар санасында тамыр салып, бүрленіп, гүлденіп отыратын. Сирек те болса қоғамымызда жоқ емес, Мұрат Әуезовтей ойшыл да эстет, алашшыл тұлғаның арамызда жүруінің бір ғибраты... және басты ғибраты осы болар деп білеміз.

Смағұл ЕЛУБАЙ
жазушы.